



Әнипа Тапалова

ҚЫРАН ҒҰМЫР

Естеліктер

**Астана
2006 жыл**

ББК 84 (5Қаз)

T 20

**T 20 Тапалова Әнипа. Қыран ғұмыр. - Астана,
“Сарыарқа” БҮ, 2006. - 204 бет. (қосымша 24 бет)**

ISBN 9965-536-41-4

Бұл кітапта Сыр бойының саңлақ азаматы, еліміздің автокөлік, жол құрылысы саласына ересен еңбек сіңірген, нарықтық экономиканың білгірі Нұрлан Сыздықұлының өмірбаяны мен қызметі баяндалады. Жан-жарының толғаулы тебіренісі мен достарының, бауырларының және әріптестерінің естеліктері арқылы оқырман қыран ғұмырдай ағып өткен іскер жанның биік адамгершілігі мен ізгілігінің куәгері болып, оның қастерлі қасиеттерінің қыр-сырына қанығады. Отбасы этикасы, ұрпақ тәрбиесі, достық қарым-қатынас-кітаптың алтын арқауы.


T $\frac{4702250200}{00(05)-06}$

ББК 84 (5Қаз)

ISBN 9965-536-41-4

© Тапалова Ә., 2006

© “Сарыарқа” БҮ, 2006



Қашықтықтар жалғастырар өткен уақыт көштерін,
Өмірімнің өткелдерін есіме алып екшедім:
Көңілімнің мұражайын араладым, сол сәтте
Мені қайта өртегендей сонау кезгі от сезім.

Табиғаттың салтанаты жаңарады, гүлдейді,
Арғымақтың шабысымен өте берсін күн мейлі,
Екеуміздің сезіміміз тау бұлағы секілді
Арнасынан асып-тасып, толастауды білмейді.

Көкжиекке жол саламыз, қалдырамыз көп белгі,
Жалғастырар мәңгілікке болашақ пен өткенді.
Шарласа да жерді, әнінен жаңылмайтын құстардай
Біз екеуміз жоғалтпаймыз сол сезімді көктемгі.

Ф. Оңғарсынова

Біз екеуміз...

Біз екеуміздің әңгімеміз мәңгілік таусылмайтындай көрінетін. Саған қанша уақыт әңгіме айтсам да, Құдай-ау, қайдан құйыла беретінін қайдам, кеудемнің сөз сарайын күн сайын сенің ықыласың толтырып қоятындай, алғаусыз айта беретінмін, айта бергім де келетін. “Жұбайлар бар әңгімесі таусылған, ал махаббат - таусылмайтын әңгіме” - деген ақын Мұхтардың сөзі дәл бізге арналғандай. Бірақ ойламаған жерден Жаратқанның жасыны біздің әңгімеміздің желісіне түскеніне не шара?! Екеуміз білімнің баспалдағымен өрлеп, біліктіліктің биігіне шықтық. Еңбектің еңселі төбесінде жеміс туын ел сүйсінерліктей желбіреттік. Қолымызды жылы суға маламыз ба деген арманымыз енді-енді арнасын табар тұста, көп қызығар отбасының жанға мазалы ошағының басында ата мен әженің әңгімесін енді бастай бергенімізде, тағдырдың тоқтамайды деген сағаты ғұмырды санаған сыртылын кілт үзіп, әдемі әңгімемізді кілт қайырып, сол бұйығы жымыған қалпыңда сені ортамыздан көгілдір әлемнің арғы жағына көтеріп алып ұшып кете барды-ау... Жаным-ау, жазмыштың жазғанына амалымды алдырғанымда, сені қас-қағым сәтте қасымнан кете қояды, күндердің күнінде біз де бір-бірімізден көз көрмеске, аяқ жетпеске алыстармыз деп ойлаппын ба? Әйтеуір: “Тумақ бар да, өлмек бар” - дегенмен, сол құрғырдың құрығы біздің мойнымызға ерте түсер деген ой үш ұйықтасақ түсімізге кіріп пе еді? Сенің арқанда өмірге елжірей қарап, еркелей басып жүрген мен бір күнде еркелігімді есеңгіреуге еншілетіп, жапанда жалғыз қалдым-ау. Шүкір, ізінді жалғастырап ұрпағы-

мыз бар. Дәтке қуат олар, әлде кімдер сияқты, барға әзір, мойынға масыл емес, өзіннің берген тәлімді тәрбиенің арқасында өнегелі болып өсіп келе жатыр. Ендігі менің арқа сүйерім де солар. Әйткенмен, сенсіз өмір-керең кеңістік. Біз үшін, әсіресе мен үшін, сенің орның ерекше. Енді ойсыраған орныңды ешнәрсе де, ештеңе де толтыра алмайды. Ащы өксік улы запыранша миыма шапшып, қашан сенің қасыңа барып, жұмақтың жұпар ауасымен бірге тыныстағанша, кеудемді кермек мұңға меймілдетіп тұратыны Аллаға да, адамға да аян. Асылым-ау, сенімен сырласқан жылдарым жұмбақтай жұтылып, өзінмен өткізген күндерім естелікке айналар деп ойлаппын ба?! Сен туралы әңгіме емес, естелік жазармын деген ой өнім түгілі, түсімде қылаң беріп пе еді. Міне, бүгін кезінде саған сағынышты хаттар жазған қаламыммен қиялымды тербеп, естелік жазғалы отырмын. Сырласым-ау, бұл менің өзінді мәңгілік пір тұтқан жүрегімнің саған орнатқан өшпес ескерткіші болсын!

Негізгі желі: бәрі балалықтан басталған

Бесінші сынып. Парта-парта арасына үймелеп, қызу тала-сқа түсіп, бір нәрселерді айтып, бір нәрселерді өзеурей дәлел-деп жататын балалар өткен жылғыға қарағанда көп өзгерген сияқты. Қыздар да, ұлдар да төртінші сыныптағыдай емес, өмірге басқаша көзбен қарай бастағандай. Көңіл күйінді ұшқан құстың қанатына қондырып, көкпен тілдестіретін, жараты-лыспен үндестіретін ерекше бір тылсым сезім жаныңды әлдилейді. Бір-бірімізді көрмегенімізге үш айдың жүзі аударыл-ды десек те, сол уақыттың бергені көп сияқты. Бір түрлі есейіп, естияр болып кеткенбіз бе, қалай. Қыздардың да жүріс-тұры-сында байыптылық бар. Әңгімелері де әдептеп төккен кесте-дей, артық-ауыс сөздерден аулақтау, құпиялап па, сыбырла-сып па, қызық әңгімелеседі. Иә, бұлар кешегі төртінші сынып-тың қыздары емес. Таңқаларлықтай таралып өскен, бойжеткеннің болмысына ене бастағандай. Тіпті қос тұлым-шағын жинақтап, білектей бұрым қылып өріп, аппақ капрон бантикпен көмкерген. Араларында арақідік шаштарына көзді түйреуіш қыстырғандары да кездеседі. Самай шаштарын өздерінше бұйралап қойған. Кейбірінің самайындағы қызар-ған ізден қаламсаптың темірін жақсы қыздырып шаштарын орағандарын аңғару қиын емес. Фартуктері де кешегі ақ күлен-кер емес, шілтерлі ақ жібектерге ауысқан. Әсемдікке қылау түсірмейін дегендей, ақырын, абайлап, сыпайы қозғалады. Бұл әдептіліктері көңіліңді қиялға жетелеп, әсемдіктің әліпбиіндей көрінеді. Өз үстіндегіні іштей бәсекелесе салыс-тырып, қасындағыларға көздерінің қиығын салып, қабақта-рының астымен барлай қарайды. Кейде мен ойланамын, қыздардың қарсы алдындағы адамға ретсіз бажырайып қара-май, жанарын кірпігімен көлегейлеп ақырын ғана көз тастауы осы бесінші сыныптан қалыптасатын шығар. Сәлемдесулері де салмақтана қалған, сыпайы. Әншейінде ұлдармен алысып

ойнап, алау-далау болып жүретін еркешора Ақкенже де қыз болып қылымси қалыпты. “Қыздарға қарағанда, кештеу ержетеді”, - деп әжем айта беретін ұлдардың өзінде маңғаз. Тіпті аяқтарын санап басады. Енді ше, кешегі қара сәтеннен тігіп, балағын бүрмелеп беретін қара шалбарларын бүгін бәрі дерлік қос қалталы қырлы шалбарларға ауыстырған. Жағаларын ақ дәкеден тігіп бере салатын әр түсті көйлек емес, шатырдай ақ жейделер киген. Мойындарында ұштары шайналмаған, әдемілеп өтектелген алқызыл жібек галстук. Кейбір қолында барлары галстуктың түйінделер жеріне пионер белгісі бар арнайы жылтырақ темір тағынған. Оған қолдары жетпегендер, төртбұрышты болып жақсы көрініп тұрсын деп, түйіннің ішіне ыждағаттап бүктелген қағаз салып алып, кеуделерін алға тастай қозғалады. Осы қылықтарынан-ақ олардың бойынан айналасына ерекше көрінудің, біреуге ұнағысы келгендіктің нышанын аңғару қиын емес. Кешегі тақырбас бұзықтарды көре алмайсың. Көбінің шаштары бәкімен емес, арнайы шаш машинкасымен алынған, жылтырай жарасып тұр. Кекіл қойғандары да бар. Шаш мәселесінде олардың ата-аналарымен жақсы келісімдерге барғаны білінеді. Әрине, кекілдеріне жарық май, тапқандары шаш май жағып жүретін кездері бұдан көп кейін. Ол жетіншіге барғандағы жасайтын әрекеттері. Бесінші сынып ондай жасандылықтан ада. Бір партаның айналасына жиналып алып, азан-қазан болып жатқандардың қазіргі бар таласы бір-ақ нәрсе - кімнің сиясы алтын? Әрқайсылары сия сауытына қаламұштарын кезек-кезек батырып көріп, өзара таласып жатыр. Ал қаламсаптарына нөмірі он бірінші қаламұштың орнына қылмықмойын “китайский” қаламұш салып алғандардың басқалардан бір иық жоғары тұрғандай көрінетіндері анық еді. Өздерінше сырттай, құпия меншіктеп алған сыныптас қыздарына сондай қаламұш сыйлау қиял жетпестей мәртебе болатын. Бірақ, ұлдардың ол мәртебесі әзірше

өздерінен ауыспайтын сияқты. Міне, бұл 1965 жылғы, есеюдің балғын баспалдағын аттап жатқан № 171 Ғани Мұратбаев атындағы орта мектептің бесінші “б” сыныбындағы көңілді көрініс еді. Бұл - менің өзімше бақылап, бағалауым. Мүмкін мені де сырттай бақылап отырғандар бар шығар. Бастауышты үздік бітірген менің алдымда ең бірінші кезекте сабақ тұратын. Сондықтан ба, әлде әжемнің “Қызға қырық үйден тию”-деп құлағыма құйған тәрбиесі ме, ойыннан гөрі, үзіліс кезіне де кітап аударып отырғанды қалаймын. Басқалар мәре-сәре болып жатқанда, менің оларды сырттан бақылап қана отыруымның сыры сонда. Оның үстіне бесінші сыныпта сабақтың да көбейетін түрі бар. Және бізді екі мұғалім емес, бірнеше мұғалімдер оқытатын көрінеді. Сабақтың бәрін үлгіріп, әр мұғалімнің талғамынан шығып, бастауыштағы “бестіктерімді” төмендетпеу - менің басты мұратым.

- Тапалова Әнипа, бесінші сынып жоғарғы сыныпқа саналады, оқылатын пәндер көп. Шет тілін де оқисындар. Сондықтан жақсы оқып, бұрынғыдан “бестіктеріңді” төмендетіп алмауың керек.

Мұны жаңа ғана біздің бесінші “б” сыныбының жетекшісі болған Кенжеева Шәрипа апай айтып кетті. Дегенмен, көңіліңді қайта-қайта бөле беретіндей біздің қыздардың талқылап жатқан тақырыбы да қызықты. Бесінші “а”-ға жаңа оқушы келіпті. Аты Нұрлан ба, Нұрділда ма, өздері де білмейді. Бәрінің айтары - өзі әдемі бала көрінеді. Оны маған Фатима жеткізіп, сүйінші сұрап кетті.

- Әнипа, тасташы кітабыңді. Сабақ қайда қашар дейсің. Одан да сен жаңалықты естідің бе?

- Қандай?

- “А” сыныбына жаңадан бір бала қосылыпты.

- Қай мектептен келіпті?

- Мектебің не? Ауылдан ба, разъезден бе...

лығымды алып, алдағы демалыста базарға келемін. Сен де сонда бар. “Есің кетсе, ешкі жи” дегендей, базардан екі-үш ешкі алып беріп кетейін.

Сол демалыста Сыздық аға айтқан сөзінде тұрып, базардан егіз лақтары бар екі ешкі алып беріп:

- Бұлар буаз. Күзде тағы төлдейді,-депті.

Күзде екеуі тағы төрт лақ туып, айналасы екі-үш жылда ешкіміз жиырма басқа жетті. Қонақ келсе қысылмай сойып, ағайынның той-құдажолысына алып бардық, сөйтіп кішкентай Нұрділданың арқасында байыдық та қалдық.

“Бастауыштағы” Мырзаханның әңгімесі

Бәрі бірдей есімде жоқ. Бізді бірінші сыныпқа бірімізді әжеміз, бірімізді атамыз алып барғаны есімде. Ал Нұрділданы әкесі Сыздық алып келді. Және бұрын шәкірттерді молдаларға бергендегідей:

- Мына баланың сүйегі менікі, еті сенікі,-деді ағайға күле қарап. - Бірақ менен туғаны рас болса, бұл күшігім мені де, білім берген сені де ұятқа қалдырмас. Алдындағы аға-апалары жақсы оқыған. Тәшкенде студенттер. Сондықтан сен де: “Ата-ананды шақыр” - деп бізді мазалай бермессің. Ал, балам, менің осы сөзімді басыңда бірдемең болса ұғарсың.

Осылай деді де, Нұрділданың өзін қалдырып, Сыздық әке кете барды. Біздерді аға-әжелеріміз мектепке кіргізіп, орындарымызға отырғызып, кейбірімізді тіпті сабақтан кейін алып кетіп жатқанда, Нұрділданың ата-анасының, біз төртінші сыныпты бітіргенше, тек тоқсан қортындысына арналған жиналыстар болмаса, балаң бұзық, не сабаққа үлгірімі нашар деген себеппен мектепке шақырылғанын көрмеппіз. Әншейінде, ауыл арасындағы балалар ойынының бел ортасында белсене жүретін Нұрділда мектепке келерде тіптен

өзгеріп кететін. Ойын кезіндегі асаулықтың бәрінен ада, ұқыпты оқушыға айналатын.

- Осы Сыздықтың ұлының сабақ оқуы өзгеше,-дейтін Сағындық ағай.-Басқалар сияқты шұқынып та оқымайды, тек айтқанға зейін салып қана отырады. Айтқанды қағып алып, айна қатесіз айтып беріп қана қоймай, оны өзінің ойларымен кішкене болса да толықтырып айтатыны қуантады. Түбі бұл сыныптан шығатын үздіктің бірі осы Дәулетбаев болар.

Нұрділданың зейінділігі керемет болатын. Біз бір бөлмеде бірінші сыныптан бастап төртінші сыныпқа дейін бірге отыратынбыз. Себебі - ауыл кішкентай, мектеп жасындағы бала саны да аз. Сондықтан бәріміз осы бір аралас аталған мектепте аралас-құралас оқи беретінбіз. Кей кездерде төртінші сыныптағылар мұғалімнің сұрағанын айта алмай, тұтығып жатса, сол сұраққа бірінші сынып оқитын Нұрділда ақырын ғана жауап беріп отыра беретін. Бұған риза болған ағай:

- Біздің Майлықұмның топырағы-қасиетті, киелі топырақ. Осы топырақтан Тәшкен, Алматының жоғарғы оқу орындарының түлектері Сейділда, Арыстан Оспановтар, Ернияз Омаров, Әли Мүсілімов, Әшім Ыбыраев, Абайділда, Әнипа Дәулетбаевтар шыққан. Енді келешек солардың қатарын осы Нұрділда толтырады, - деп отыратын.

“Халық айтса қалып айтпайды”-дегендей, осы сөз расқа айналды. Басқалардан оқуы артық болып тұрса да, оның еш уақытта сонысымен ерекшелене қояйын деген кеудем соғын көрген емеспіз. Көзге түсейін деп қол көтеріп, суырыла да қоймайды. Сұраса білгенін мүдірмей айтып, сұрамаса білгішсініп, ретті-ретсіз қыстырыла да бермейді. Үшінші сыныптан бастап бейсауат көше кезіп, ауыл үйдің арасын шаңдатып жүрмей, үйдегі шаруаға қолғабыс жасап, одан қолы босаса бір нәрселерді құрастырып, әлдебір нәрселерді жасап отыратын еді. Ауыл маңындағы каналдан балық та аулайтын. Басқала-

рға қарағанда тізбегі толып қайтатын. Дүкендерде сатылатын тілді қармақ біздің қолымызға қайдан түсе берсін. Сондайда Нұрділда ине ме, түйреуіш пе - қолға түскенді отқа қыздырып, пышақтың сабымен иіп, әп-әдемі қармақ жасап ала қоятын. Қасындағы балаларды да, өзінің айтуы бойынша, “Бұлақбай зауытынан шыққан” қармақпен қарық қылып тастайтын. Алпысбай ағаға еріп барып, шөп те шабады. Бойымыздан ұзын мылтықты алып, алыстау барып, мылтық ататынымыз да есімізде. Мылтық бізден үлкен болған соң екеулеп ұстап жүреміз. Сол мылтықты біздерге үлкендердің өздері бере ме, әлде жасырып алып шығамыз ба - ол жағы дәл қазір есімде жоқ. Бір ұмытпайтынымыз -Нұрланның құм төбенің басына қойған қауашаққа дәл тигізгені. Сол күні бәріміз ауыл сыртынан киік атып алғандай қоразданып жүрдік. Ауыл балалары да оның айналасына сол үшін үйірілетін.

Теміржолдың бойында тұрған соң біздер аялдаған пойыздарға өздеріміз еккен қауын-қарбыздарымызды сатамыз. Ол кездерде жолаушылар пойызы разъездерге де сәл кідіріп өтетін. Сол кезде біріміз бен біріміз жарыса, вагондарды жағалай жүгіруші едік. Бір қызығы, орыс әйелдер: “Ой, красавчик” - деп, басынан сипап, Нұрділданың қауындарын бірінші алатын. Осыны байқаған Нұрділда, өзінің қауын-қарбыздарын қоя тұрып, әуелі ауылдағы мұқтажды деген балалар мен кішкентайлардың алдындағыларын сатысып беретін.

- Өзіндікін неге сатпайсың?

- Үлгерем ғой. Болмаса, тағы да пойыз келеді. Сол кезде бәріміз менің қауын-қарбыздарымды сатпаймыз ба?!

Оның дәлелді уәжіне үлкендер де ешнәрсе айта алмайтын. Тек риза болып, бастарын шайқай беретін еді. Үлкен де, кіші де Нұрділданы шын жақсы көретін. Үйлеріміздегі әңгіменің негізі кейде біздерге Нұрділданы мысал қылумен басталатын:

- Ана өздеріндей Сыздықтың Нұрділдасын қарашы, бір мың

болғыр бала. Үлгірімі де жақсы. Істеген шаруалары да қолмен қойғандай, көңіліңе қона кетеді. Қасына ерген достары да өзіндей. “Ұлың өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол” - деген сөздің жаны бар - десе, енді біреулері:

- Не нәрсе де негізге саяды ғой. Баланың топырағы құнарлы, шыққан жері шынарлы. Ол “зәкүн Сыздықтың” баласы емес пе, - деп қосыла қоштай кететін.

Деректер тізбесінен

Ауылдастары да, алыс-жақын білетіндер де Сыздық әкені “зәкүн Сыздық” дейді. Оған себеп - ол кісінің оқымаса да, көзі ашық, түйгені мол екендігінен еді. Теміржолда жай жол қараушы болса да, арғы-бергіден хабары мол, танымы терең жан. Соғысқа дейін де, соғыстан кейін де еңбек демалысы кезінде үкімет жасаған жеңілдікпен тегін теміржол билетін пайдаланып, қасына енесін ертіп, сонау Мәскеу, Ленинград қалаларына барып, тұрмысқа қажетті заттар мен киім-кешек алып келеді екен.

1936 жылдың өзінде банктен несие алып, тоғызыншы разъезден зәңкитіп үй салған. Елуінші жылдары қаладағы “Восстание” көшесінде (қазіргі облтелерадиокомпания ғимаратының орнында) үй тұрғызған. Ағайыншылдығы мен бауырмашылдығы соншалықты, бүкіл туған-туысқан, ағайын-жекжат шаһарға келгенде оның үйіне тоқтаған. Керек десеңіз, көбі осы үйде үйленіп, шаңырақ көтеріп, тұрақтап тұрған. Кейін оларды жеке отау етіп шығарып тұрған. Сыздық әке колхоздастыру кезінде, сондай-ақ соғыста қайтыс болған ағаларының ұл-қыздарын, жеңгелерін ешқайда жібермей, өзі бағып-қағып, тәрбиелеп, жетілдіріп, аяқтандырып отырған. Бұл әулетті ауызбіршіліктің, қазақы бауырмашылдықтың нағыз үлгісі десе болғандай. Оның үстіне қаншама ауылдастары, жақындары қысылғанда Сыздық әкеге келіп, жабырқаған

жандарына демеу, қажеттеріне жәрдем алатын. Бір кезде халық комиссары болған, біраздан соң “халық жауы” деген жаламен қуғын көріп, кейін ақталған қазақтың біртуар ұлдарының бірі Иса Токтыбаев та осы үйден қамқорлық тапқан.

Бұл әулеттің тағы бір жұрт қызығарлығы - ауызбірлігі, кішінің де, үлкеннің де сөзін жерге тастамайтын кішпейілдігі, ағаның алдын кесіп өтпейтін әдептілігімен қатар, барлығының да білімге құштар оқымыстылығы, қатарларынан артық білімпаздығы еді.

Сыздық әке өзі оқымаса да, балаларын оқудан кенде қалдырмаған. Інісі Әбділда Ленинградта аспирантурада оқыса, ең үлкен баласы Абайділда Тәшкен политехникалық институтында дәріс алды, Қызылордадағы “РМЗ”, “Рисмаш” зауыттарын салып, сол кәсіпорындардың инженерінен директорлыққа дейін өскен. Үлкен қызы Қанипаның күйеуі Әшім Ыбыраев Қызылордадағы күріш ғылыми - зерттеу институтының ірге тасын қалаушы, облысымыздағы экономика ғылымдарының кандидаты болған алғашқы қазақ азаматы. Әшім мен Қанипа Серік, Хамит, Сәкен, Ғалым, Ғабит, Бауыржан есімді алты ұл тәрбиелеп өсірді. Әнипа Тәшкен Ортаазиялық политехникалық институтының ет-сүт технологиясы бөлімін бітірген. Зейнеткерлікке шыққанша қатардағы технологтан бас инженерге дейінгі қызмет сатыларынан өтті. Ұлтайы-есепші. Ұлбала қалалық әйелдерге кеңес беру орталығының меңгерушісі болды. Ең кішісі-Нұрділда. Соңғы екеуі дүниеден озды.

Сыздық әкенің өзі айтады екен:

- Түсімде таңғы шыққан ай мен батқан ай көрдім. Ұлым екеу-ақ болады, - деп.

Солай болды...

Сыздық әке бір мың тоғыз жүз алпыс екінші жылы Алланың аманатын өзіне тапсырды. Үлкені Абайділда, Қанипа мен

Әнипалар әке салған дәстүрмен бауырларын оқытып, ел қатарына қосты.

Негізгі желі: Алғашқы таныстық

Мектептегі үздік оқушыға қоғамдық жұмыстар да көп тапсырылады. Беделділік те сол жақсы оқумен есептелетін. Үздік оқыған қыз бен ер балалар дос болғысы келіп тұрса, жақсы оқыған ұлдарды қыздар да шет көрмейтін. Жиырма үшінші ақпандағы Кеңес Армиясы мен Әскери-Теңіз әскерлерінің күні және 8 наурыздағы қыздар мерекесінде жолданатын ашық хат-открыткалардың негізі де осыларға арналатын. Осы құттықтаулардың басым көпшілігі қатар оқыған қыздар арасынан маған, ұлдардан Нұрділдаға арналатындықтан біз екеуміз бір-бірімізге іштей болса да тілектес бола бастағандаймыз. Мен сынып старостасы, Отряд кеңесінің, Дружина кеңесінің төрағасы сияқты қоғамдық міндеттерді атқарып жүргенімде Нұрланмен (біздер Нұрділданы Нұрлан деп атаушы едік) пионерлік тапсырмаларға байланысты, үйірме жұмыстарына қатысты немесе мектептегі мерекелерге арналған шараларда жиі кездесе бастадық. Сол кездерде, қаншама мән бермейін десем де, Нұрланның өзіме деген өзгеше көзқарасын байқап қалатынмын. Және қаншама аулақтағым келгенімен, ілтипатты ықыластан қашып құтыла алмай, қайта соның тұсауына тұтылып қала беретінмін. Басқа құрбыларым “ғашық” болып, айтайын десе сөздерін, барайын десе өздерін жеткізе алмай жүрген Нұрланнан мен қашқақтап жүретінмін.

Ол кезде мектеп оқушыларының сенбіліктерге шығуы, темір сынықтары мен қағаз қалдықтарын жинауы кәдімгідей науқан, мереке еді. Осындай у-шулы дүрмекте Нұрлан маған өзінің алғашқы ілтипатын білдірген-ді.

Ол 1966 жылғы ақпанының әдеттегіден тыс жылы шуақты күні еді. Біз алтыншы сыныпта оқитынбыз.

- Әнипа, - деді апай, ертең қала сыртына темір-терсек жинауға барасындар. Екі сынып оқушыларының келуін өзін қадағала.

- “Қабырға тақтасына” хабарландыру жазып қойсам кайтеді?

- Мейлің. Сонда да сыныптарға кіріп, айтып шық. Жиын ертең сағат онда мектеп алдында болады.

Пионерлер бөлмесіне барып, үлкен плакатты алдым да, қызыл тушыпен әдемілеп, көрнекті хабарландыру жаза бастадым. Сол кезде Нұрланның есіктен ақырын сығалап қарағанын аңғарып қалдым. Енді плакатты тақтаға ілейін деп жатсам, ол келіп бір жағын үн-түнсіз ұстасып жатыр.

- Сенен көмек сұрадым ба?

- Бір жағын ұстасайын да, шеті қайрылып кетіп жатыр.

- Онда сен іле ғой.

Қолымдағы кнопкаларды алақанына төктім де, кілт бұрылып кете бардым.

- Қазір, өзім ілемін.

Мен қайрылмадым. Неге?

Көздерінің астымен сынай қарап тұрған қыздардың сыбырынан имендім бе? Болмаса, күні ертең тақтаға белгісіз біреулер жазып кететін “Нұрлан+Әнипа” - деген сөзден қорықтым ба? Әлде қыз болып, алғаш қылық көрсетуім бе екен? Тұлдана барып, партаға отыра бергенімде, ентелей басып Фатима да жетті.

- Сен қыз жындысың ба? “А” сыныбының баласы біздің жаққа ауып тұрғанда, өзіңше болып...

- Баршы, әр нәрсеге араласа бермей. Сен одан да ертең кешігіп қалмауыңды ойла.

- Мен қашан кешігіп едім. Қайта сендерден бұрын келермін.

- Тазалықшы екенінді ұмытпа. Дәрі-дәрмек салынған сумканды ала шық. Кім біледі, біреу-міреу жарақаттанып қалуы да мүмкін.

- Нұрланның қолын бірдеңе тіліп кетсе, өзім жарасын таңып, жақынырақ танысып алар едім,-деді Фатима құрбым. Жүрегім су ете түсті. Фатимаға ала көзіммен ата қарағанымды байқамай да қалдым.

- Ә, сен де кет әрі емес екенсің. Көзіңнен көрініп тұр. - Жәймен құлағыма сыбырлады. - Қорықпай-ақ қой, мен ешкімге айтпаймын. Біз дос емеспіз бе?!

Әншейінде сөзбен тұқыртып тастайтын мен, іштей келіскендей, үндемедім. Біз ерте есейіп барамыз ба, қалай?!

Таңертең ұл-қыздар түгел жиналышты. Мен көзіммен Нұрланды іздедім. Ол балалардың ортасында әлде нені қызу талқылап тұр. Мені көріп, олардан бөлініп келді де, қолын ұсынды.

- Командаңыз темір сынықтарын жинауға темірдей тәртіппен сақадай сай тұр. Хабарландыру кеше ілінген!

Ақырын, барлай, бетіне қарадым. Бұл сонда өзі батыл бала ма, әлде өркөкірек, өзімшіл ме? Қолын алсам ба, әлде бұрылып жүре берсем бе екен? Тіпті, бұл өзі мені кекетіп тұрған жоқ па? Адамның ішіндегі ойын көзі білдіріп тұрады дегенді естуім бар. Көзіне қарадым. Жоқ, жанары тап-таза, бейкүнә мөлдіреп тұр. Найзағай ойдың санамды сызып үлгіргені-көздері өте әдемі, адамды еріксіз өзіне тартып, бауырмал күлімдеп тұрады екен.

Қолғабымды шешіп, қолымды ұсындым. Оның саусақтары суықтан мұздаңқырап қалыпты. Мұздай болса да, қолы тигенде, тұла бойымнан от жүріп өткендей, денем дір етіп, қызып сала бердім.

Апайдың дауысы естілді.

- Балалар, кәнекей, екі-екіден сапқа тұрындар. Жүп-жүпшен темір қалдықтарын бірігіп жинайсындар.

- Қарсы болмасаң, мен сенімен бірге жинайын.

- Өзің біл...

Бәріміз абыр-сабыр қатарласа бастадық. Ол кезде сынып-сынып болып бөліну жоқ. Көпшілік жұмыстарда аралас-құралас жүре береміз. Біздің жұптасқанымызды күтіп тұрғандай апайдың бұйрығы берілді.

- Әнипа, Нұрлан, кәне, бастандар.

Қаланың сыртына келіп, темір қалдықтарын жинадық. Жұмыс үстінде:

- Сен ана шетінен ұста...

- О, мына темір ауыр екен...

- Әнипа, ауыр жағын мен көтерейін...

- Кел, одан да екеулеп сүйрейік, - дегеннен басқа артық-ауыз сөз айтылмады.

“Сүйрейік” дегеннен шығады, Нұрлан ескі бір шағын арбаның қаңқасын тауып алды. Майысып, жарамсыз болып қалған доңғалағы бар. Соны ерінбей, темірмен ұрып түзетіп, үстіне сыммен бұрап қалқан қондырды. Бір түрлі қызық арба болып шықты. Әбдібек, Жалғас, Бектай тағы басқа балалар арқан, сым байлап, бірі тартып, бірі итеріп, ауыр темірлерді арбамен таси бастады. Біздер, қыздар да темірлерді сонша жерге бір-бірлеп тасымай, әр жерге үйіп кете беретін болдық. Ұлдар сол үйінділерді арбаға салып апарады.

Апай:

- Жарайсың, Нұрлан. Сенің осындай да өнерің бар екен ғой. Ертең үлкен жігіт болған соң, танымал өнертапқыш боласың-деп мақтап қойды.

Бұл марапатқа мен де іштей масаттанып қалдым. Қанша дегенмен бір жұптанбыз ғой. Және өнертапқыш деген ол кезде бізге қол жетпестей, тосын мамандық болып көрінетін. Нұрлан көзін алысқа қадап, ойланып қалды. Сонда нені армандап, келешегінің көкжиегіне нендей оймен көз жіберді екен. Тыныштықты Гүлжан бұзды:

- Әнипаның қасында жүрсен өнертапқыш болмасыңа қоймас.

- Жарайды, балалар. Бүгінгі еңбектеріңе рахмет. Атқарған жұмыстарыңа, ұйымшылдықтыңа “бес”, - деді ұстазымыз.

- Ура!

- Ал, енді қайтайық. Шашырамай, бағанағы саппен мектепке барамыз. Үйлеріңе сол жерден тарайсындар. Түсінікті ме?

- Түсінікті.

Бәріміз әндете, қауқылдасып, маз-мәйрам болып мектепке бет алдық. Қимылдап терлегендікі ме, қайтарда бойым салқындап, тоңа бастадым. Осыны тез аңғарған Нұрлан жеңіл пальтосын шешіп, менің иығыма жапты. Мұндай серілікті кинодан көріп, кітаптан оқып, қиялымызға қондырып жүргенімізбен, дәл бүгін менің алдымнан шыға қояды деп ойламаппын. Тартынып үлгіре алмадым.

- Өзің ше?

- Сен тоңып қалдың. Адам қысты күні осыншама жеңіл киіне ме екен. Ал менің киімдерім жылы.

- Жарайды, рахмет. Тек мектепке дейін...

Ол жұмбақ жымыды. Ақырын балаларға қарасам, олар бұл әрекетті қалыпты қабылдап тұрған сияқты. Сосын Нұрланның аңғарымпаздығына ризашылықпен таң қалдым. Әлде... Ризашылығымды тағы қайталадым.

- Рахмет, Нұрлан.

Екінші шегініс: Әбдібек сыныптастың әңгімесі

Нұрділда біздің мектепке бесінші класта келді. Апай оны менің қасыма, бір партаға отырғызды.

- Мұхамеджанов, Дәулетбаевты (Нұрділда атасының атымен Дәулетбаев болып жазылады екен) сенің жаныңа отырғызамын. Ол бастауышта үздік оқыған. Енді қалаға келген соң сабағы төмендеп кетпесін. Екеуің де жақсы оқисындар. Бір-бірлеріңнің үлгірімдерінді қадағалап отырындар.

- Апай, сонда Мұхамеджанов мұғалім болды ма, жоқ әлде Дәулетбаев мұғалім болды ма?

- Оспанов, тілің мен жағыңа сүйенбей тыныш отыр.

- Онда қолыма сүйенейін.

- Қыршаңқы сөйлегенше былтырғы алған “төрттерінді” “беске” жөндемейсің бе?

- Ол үшін төртіншіде тағы бір жыл отыру керек қой.

- Дәулетбаев, бұлардың сөзіне мән бермей-ақ қой. Әлі-ақ жақсы дос болып кетесіңдер.

Нүрділда ренжіді ме деп бетіне қарасам, көздері мөлдіреп күлімдеп отыр.

- Оспанов Бақытжан ғой. Өзі эзілқой, бірақ жақсы бала. Атың Нүрділда ма?

- Нұрлан.

- Жаңа апай Нүрділда Дәулетбаев деді емес пе?

- Ол құжат бойынша.

- Сияң “алтын” ба?

- Иә. Менде “китайский” қаламұш та бар. Абайділда ағам әкеліп берген. Мә, саған біреуін берейін.

- Кел, дос болайық.

“Шынатақ-шын Құдай”. Екеуіміз шынатақ алысып, дос болдық. Содан кейін оқуда да, ойында да, каникул кездерінде де жұбымыз жазылған жоқ. Әдеби кітаптарды да таласа оқитынбыз. Мазмұндарын жарыса айтып, пікір таластырып, ананы жаман, мынаны жақсы деп отыру күнделікті тірлігіміз сияқты.

- Қожаның кейбір қылықтарын түсінбеймін. - Көзін алысқа тігіп отырып, әңгімені Нұрлан бастайды.

- Неге? Мысалы, маған Жараспен салыстырғанда, Қожа ұнайды.

- Жоқ. Сонда Жанарға жақсы көріну үшін соншалықты бұзық болуы керек пе?

- Сенің де сондай жақсы көрген қызың бар ма?

Бұл біздің алтыншы сыныпты орталай бергендегі әңгімеміз еді.

- Қалай бірден жақсы көрем деп айтуға болады. Дос болғым келетін қыз бар.

- Ол кім? Сонда сенің менен де басқа досың бар ма? - Бір түрлі қызғанып кеттім.

- Сен менің ұл досымсың. Енді қыздан да досым болуы керек қой.

- Ол кім?

- Өзің тапшы.

Мен сыныптағы барлық қыздарды түгендеп айтып шықтым. Ол басын шайқап күле береді.

- Тойдым. Таба алмадым. Өзің айтшы.

- “Б” сыныбынан іздеп көрмедің бе?

- Таптым. Әнипа!

Тіліме қалай оралғанын білмеймін. Тағы бір нәрселерді аңқылдап айта беріп едім, Нұрлан аузымды басып, айтқызбады. Екеуміз ұмар-жұмар алысып жатырмыз. Біраз ойнап, желігіміз басылғасын, достықты қалай жеткізудің мәселесін ақылдастық. Оқыған кітаптардағы кейіпкерлерді де көмекке шақырып жатырмыз.

- Нұрлан, сен жақсылап достық хат жаз.

- Оны қалай береміз?

- Кітаптың арасына салып. Кітаптарда солай жазылған.

- Кітаптарда жаза беруі мүмкін. Нұрлан бірінші рет өз кейіпкерлеріне қарсы шықты.

- Жоғарғы сыныптағылар да солай етеді екен.

Мысалдар келтіріп жатырмын.

- Сонда ол хатты қалай береміз?

- Менде Бердібек Соқпақбаевтың “Балалық шаққа саяхат” деген кітабы бар. Соны Әнипа қайта-қайта сұрап жүрген. Соның арасына салып береміз.

- Келістік.

Екеуміз хат жазуға кірістік. Арғы-бергі кітаптардың бәрін аудардық. “Мың бір түндегі рубаяттар да қалыс қалмады. Әуелі жазамыз, сосын мен оқимын, Нұрлан тыңдайды. Ұнатпай басын шайқайды. Кітап аудару қайта басталады. Күн артынан күн өтіп, достық хаттың сәті түспей жүргенде Нұрлан мен Әнипаның ара қатынастары хатсыз да жақсарып сала берді. Қыста “металлолом” жинап, мектепке қайтып келе жатқанымызда Нұрлан өзінің пальтосын Әнипаның иығына жапты. Жақсы оқитын қыздарға жұғысу ол кезде қиынның қиыны болатын. Сол қиындықты Нұрлан хатсыз-ақ жеңді. Мен хат жазудан құтылдым. Сөйтіп жазушылығымның өмірі ұзаққа бармады. Жазғандарымызды Нұрланның айтуымен, апайлардың қолына түссе ұят болады деп өртеп жібердік.

Негізгі желі: киноға барғанда

Осыдан бастап, Нұрлан ойламаған жерден кездейсоқ кездесіп қалған сияқты, менің алдымнан қарсы жолығып қала беретін болды. Алғашқы кезде тағы қай жағымнан шығып қалады деп үркіп, бір түрлі қашқақтай, тосырқап тұратын едім, бара-бара бойым үйреніп, тіпті неғып жолықпай қалды деп, жан-жағыма алаңдап, іздейтін де әдет шығардым. Жетінші сыныпта оқып жүргенде, жазуым мен әдемілеп безендіре білуім мұғалімдердің маған деген ықыласын бұрынғыдан да арттырды. Енді олар көрнекі құралдарды маған жаздырып, жасататын болды. Пионерлер бөлмесінде болсын, кейде мұғалімдер бөлмесінде, сыныпта да мен жазу жазып отырсам, Нұрланның сығалап қарап жүргені. Ешкім жоқ болса, қасыма келіп үнсіз отырады, не бір нәрсені сылтауратып, келіп-кетіп тұрады. Қасымда біреулер болса қипақтап, не кете алмай, не отыра алмай, әуреге түсетініне іштей күлем және

неге екенін қайдам, осыған әжептәуір масайрап та қоямын. Кезекті бір сабақ үстінде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Жарқынбаева Балқия апай маған тапсырма берді.

- Әнипа, мына жаттығулар жазылған кестелерді үлкен етіп плакаттарға жазу керек.

- Жарайды, апай. Қызыл тушьпен жазып, айналасына қара сызық жүргізсем бола ма? Өйткені көк тушым таусылып қалды.

- Өзің біл. Бірақ ертеңгі сабаққа үлгеруің керек. Сабаққа комиссия қатысатын шығар.

Қазақ тілі мен әдебиетінен дәріс беретін апай өте әдемі кісі болатын. Мінезі де жібектей, әрі соншалықты мәдениетті. Біз, қыздар, бәріміз де апайға ұқсауға тырысатынбыз. Ал ол кісінің тапсырмасын орындау үлкен мәртебе еді. Сондықтан уақыты тығыз болса да, апайдың тапсырмасын қуана қабылдадым: “Көп болса таң атқанша жазармын”.

Сосын сынып жетекшіміз Кенжеева Шәрипа апайға мән-жайды айтып, мектептің қарауылынан кілтті сұрап алып, кешке келіп плакат жазуға отырдым. Қайтарда қорқатынымды білсем де, бір нәрсеге деген сенімділікпен қасыма ешкімді ертпей жалғыз келген едім. Менің сезімім алдамапты. Ақырын есік қағылды.

- Рұхсат па екен? - Нұрланның басы көрінді.

- Келе бер.

- Жалғыз отырсың ба?

- Иә. Ертеңге дейін мына кестелерді жазып үлгеруім керек.

- Мен осы тұстан өтіп бара жатқанмын. Қарасам, сыныптарыңның жарығы жанып тұр. Бейуақта бұл кім екен деп терезеден қарасам, сені көрдім. Сосын бұрыла кеткенім.

- Қарауылға не дедің?

- Енді... ол ағайды алдауға тура келді. Әнипа екеуіміз қабырға газетін шығаратын едік деп, аузыма түскен өтірікті соғып жібердім.